

2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 48 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен 2013 жылғы 13 ақпанда № 2229 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімі аппаратының 2014 жылғы 30 қаңтардағы № 261 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімі аппаратының 30.01.2014 № 261 хатымен).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережесінің 8-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және оларды қаржыландырудың көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтардың еңбекақысы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері көлемінде бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Сәдірмекке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Д.Тлеубергенов	
Ордабасы	ауданы	әкімдігінің
2012	жылғы	25
№ 48 қаулысымен бекітілген		қаңтардағы

2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұсынатын ұйымдардың тізбесі, жұмыстардың түрлері және қаржыландыру көздері

P/c	Ұйымдардың атауы	Жылына қоғамдық қызметкерлерге сұраныс, адам	Қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері	Қаржыландыру көздері
1	«Ордабасы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	22	Әлеуметтік жәрдемақыларға құжаттарды ресімдеуге көмектесу - 1400 іс, мұрағат құжаттарын өндеуге көмектесу – 550 іс, құжаттарды тігу – 1000 іс,	Аудандық бюджет
2	«Ордабасы ауданы әкімдігінің «Темірлан» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	100	Көшелерді және аумақтарды қоқыстардан тазалау, автокөлікке арту - 144000 шаршы метр	Аудандық бюджет
3	«Ордабасы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	5	Салынатын және күрделі, ағымды жөндеуден өтетін нысандардың құжаттарын рәсімдеуге көмектесу – 35 нысан	Аудандық бюджет
4	«Ордабасы аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі	90	Елді мекендерде қоғамдық тәртіпті сақтауға көмектесу – 59 елді мекен	Аудандық бюджет
5	«Қажымұхан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	36	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасау – 100 бет, факс жіберу – 110 бет, мәтіндерді басу және шығару – 200 бет, хаттарды жеткізу – 250 хат.	Аудандық бюджет
6	«Бадам ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	30	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
7	«Қараспан ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	30	14 елді мекен аймақтарын көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
8	«Төрткөл ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	25	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
9	«Шұбарсу ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	30	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 40000 шаршы метр	Аудандық бюджет
10	«Бөржар ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	24	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 35000 шаршы метр	Аудандық бюджет
11	«Шұбар ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	24	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 35000 шаршы метр	Аудандық бюджет
12	«Қарақұм ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	24	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 30000 шаршы метр	Аудандық бюджет

13	«Жеңіс ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	21	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 30000 шаршы метр	Аудандық бюджет
14	«Бөген ауыл округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	24	Ауылдық аймақтарды көгалдандыру, көріктендіру, қоқыстардан тазарту – 30000 шаршы метр	Аудандық бюджет
15	«Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы аудандық филиалы	5	Құжаттарды дайындауға көмектесу – 300 іс, азаматтардан түскен арыз және үндеулер бойынша курьерлік жұмыс жасау – 200 хат	Аудандық бюджет
16	«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті Ордабасы ауданының Әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	5	Құжаттарды рәсімдеуге көмектесу- 500 іс	Аудандық бюджет
17	«Ордабасы аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі»	5	Спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу – 50 іс-шара, ағымдағы құжаттармен жұмыс жасау – 100 бет, мәтіндерді басу және шығару – 100 бет, хаттарды жеткізу – 120 хат.	Аудандық бюджет
	Барлығы	500		

Ескертпе: қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары жұмыс берушімен және қоғамдық жұмысқа қатысатын азаматтың арасында жасалатын еңбек шартында көзделеді.